

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 106-99.

ӘОЖ: 811.512.1'373.2

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ХАКАС «ТАУ» КОМПОНЕНТТІ ОРОТОПОНИМДЕРІ

*Иманбердиева С.Қ., филол. ғыл. докторы, профессордың м.а
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*


Мақалада қазақ және хакас тілдеріндегі оронимдер қарастырылды, бірақ материал ауқымының көптігіне орай, біз *шоқы, төбе, жота, шың, асу* компонентті емес, тек *тау/тағ* компонентті оронимдерді ғана алдық. Екі тілдегі оронимдер лексика-семантикалық тұрғыдан таптастырылды. Таптастыру арқылы екі тілдегі таным, әлемнің топонимикалық тілдік бейнесін анықтауға тырыстық.

Мақаланың мақсаты – қазақ және хакас тілдеріндегі *тау/тағ* компонентті оронимдерді жинастырып, лексика-семантикалық тұрғыдан таптастыру және алынған нәтиже негізінде екі тілдегі әлемнің топонимикалық тілдік бейнесін салыстыру.

Зерттеу әдістері: статистикалық әдіс, типологиялық әдіс, дескриптік тәсіл, концептуалды талдау. Зерттеу жұмысы лексика-семантикалық, когнитивтік бағытта орындалған.

Екі тілдегі оронимдерді зерттеу екі халықтың дүние танымы, қоршаған ортаға, жағдаятқа баға беру әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. Ал әлеует халықтардың рухани, мәдени байлық қорының жинақталуын айқындайды.

Онимдерді бір мемлекет деңгейінде қарастырудың қазіргі кезде өзекті мәселелердің бірі – кеңістік тұрпатында қарастыру. Жер-су атауларының түрлері көп, соның ішінде дала да, қала да, тау да т.б. бар. Ал енді олардың ішіндегі адамның қолымен жасалған емес, табиғи нысандардың орналасуы (локация) бойынша дала, су, биіктік деп бөліп қарастыруға да болады.



1-сурет –табиғи нысандардың орналасуы (локация)

Осы суреттегі биіктік кеңістігіне тау, жота, қыр, шың, асу, төбе жатады, ғылым тілінде оларды оним түрі – ороним деп атайды. Оронимдерді зерттеу

де осы уақытқа дейін өзекті мәселелердің қатарынан табылған, себебі, біріншіден, биіктік кеңістіктегі нысан атау трансонимдену негізінде өзен, көл, ауыл, қыстауларға ауысып жатады, екіншіден, когнитивтік тұрғыдан әлемнің топонимдік тілдік бейнесін жасауда ұлттық таным осы оронимдерде көрініс берген. Мәселен, *Ұлытау* – ұлылық, жас тұрғысынан «қарт», идеологиялық тұрғыдан арнайы жиын өткізілетін нысан т.б. ақпараттар шоғырлануы мүмкін. Сол сияқты *Қаратау* – «қара» лексикалық бірлік бұл атауда «үлкен, биік, заңғар, ірі» семаларды қамтығандықтан, кезінде өте биік тау деп тануға болады. *Алатау* – тау шыңындағы топырақ түсі, өсімдік түрлері, қар жатуы т.б. себептерден ала-құла болып жатқандықтан атау өзектіленуі орын алған. Биіктік кеңістігінде бұл атаулар «биік, ірі, үлкен, заңғар» сияқты уәждермен кеңістік атауын айқындайды, яғни «биіктік» сөзі мағынасының – «4. Жер бедеріндегі жеке элементтердің тік бағытта орналасу шамасы» [1] деген анықтамаға сәйкес келеді. Қазақ тілінде ороним құрамында *тау* термині қолданылса, хакас тілінде *тағ*, *тоо* және *тау* терминдері жарыспалы қолданылады, мұның себебі – бірнеше түркі тілдес халықтардың қоныстанып, солардан қалған мұра болуына байланысты.

Ороним қызметі, аталу уәжі, мәтін ішінде қолданысы т.б. атауды қалыптастырушы иесі – ұлт ерекшелігінен қажеті ақпарат береді. Осы бағытта зерттеулер де орындалуда. Мәселен, Н. Хавлдахшиннің пікірінше, «моңғол мәдениетінде тау – сакралды кеңістікті нысан, тауды культтік нысан ретінде пір тұту көне моңғолдардың ата-баба рухының тауға айналуы сияқты архаикалық танымынан көрініс береді, әр тау өз рухы не иесі бар деп есептеледі, әр кеңістік – тірі ағза, моңғол тілінде соматизмдер ороним түзуде тірек уәж саналады» [2].

Телешоу, балаларға арналған өлеңдерде, әзілдер кітабында кездескен ағылшын тіліндегі оронимдерді риторикалық тиімділігін қалыптастыру мақсатында фонология тұрғысынан зерттеген автордың пікірінше: «ороним – екі идеяны бір тізбекте берілген сөздерде жинақтаушы риторикалық тәсіл» [3].

Қазақ тілінде ороним *тау* компоненті, ал хакас тілінде *тағ*, *тоо* және *тау* компоненттері арқылы жарыспалы берген. Мысалы: *Мола-Тағ* – Хакасия Республикасының Усть-Абаканск ауданындағы Тозман ауылы жанындағы Улень өзені жағасында орналасқан тау. *Музік тау* – Хакасия Республикасының Бейск ауданындағы Верхний Киндырла ауылының жанында Малая Есь өзені жағасында орналасқан тау. *Айыртау* – Асаубай көлінен солтүстік-шығысқа, Қараой ауылынан оңтүстік-батысқа қарай; Алматы облысы, Балқаш ауданындағы төбешік.

Оронимдерді мағыналық таптастыра зерттеу ғалымдар тарапынан әр тіл бойынша жүргізілген. Э.Радван 240-тан аса оронимді зерттеп, оларды үш топқа бөлген [4]:

1) құрылымы мен орналасқан жері бойынша аталған оронимдер: сарьдаг, ян, нуруу, хөвч т.б.;

2) тау бедері элементтерінен аталған оронимдер: энгэр, зулай, бэл т.б.;

3) тау бедері элементтерінің басқа түрімен аталған оронимдер: нахиу, хөтөл, даваа т.б.

Қазақ тіліндегі оронимдерді лексика-семантикалық тұрғыдан таптастырып көрелік: 1) зоонимдерге қатысты атаулар: *Құлықтау*; 2) түр-түске байланысты: *Ақтау, Алатау, Көктау, Қаратау, Сарытау*; 3) жер бедері: *Жалаңаштау, Лайлытау*; 4) орналасуына байланысты: *Ортатау*; 5) биіктігі бойынша: *Биіктау*; 6) фитонимдерге қатысты: *Алматау*, 7) қасиеттілігіне қарай: *Бас Ұлытау*, 8) тиесілігі не белгілі оқиғаға байланысты: *Боқайдың Тауы*; 9) әлеуметтік тұрмыс-тіршілікке, т.б. байланысты: *Қарауылишеттау*; 10) шөгуіне байланысты: *Мұқыртау*; 11) соматикалық атау: *Мұрынтау, Сүмбетау, Таумұрын* т.б.

Хакас тіліндегі оронимдердің лексика-семантикалық таптастырылуы: 1) зоонимдерге қатысты атаулар: *Маған асхыр тағ* (Ақ айғыр тау), *Өкунек тағ* (Қозытау), *Парыс тағ* (Барыс тау); 2) түр-түске байланысты: *Параан тағ* (Күңгірт тау); 3) жер бедері: *Марачылығ тағ* (Сортау), *Ой тағ* (ойдағы тау); 4) оқиғаға байланысты: *Минетей Хыстын чаң тағ* (Минетей сөйлей алмай қалған тау), *Муң чатхан тағ* (Мұң шалған тау); 5) биіктігі, асу қиындығы бойынша: *Музік тау* (Биік тау), *Пиріг тағ* (Асуы қиын тау); 6) фитонимдерге қатысты: *Остығ тағ* (Көктеректі тау); 7) енінің жуан/жіңішкелігіне байланысты: *Ніске тағ* (Жіңішке тау), 8) қорғанға байланысты: *Обаалығ тағ* (оба тау); 9) әлеуметтік тұрмыс-тіршілікке, т.б. байланысты: *Одың алчаң тағ* (Отын алатын тау), *Оох көсчен тағ* (Кіші көш тауы), *Оолых тағ* (Ұлы тау); 10) шөгуіне байланысты: *Одырығ тағ* (отырған тау); 11) сакралды дерек: *Пазырчаң тағ* (Сыйынатын тау), *Пай тағ* (Қасиетті тау); санын бойынша: *Пес тағ* (Бес тау) т.б.

Екі тілдегі лексика-семантикалық таптастыру негізінде қазақтар мен хакастардың атау тағуында таза ұлттық және әмбебаптық бар. Әмбебап атаулардың орын алуы геосаяси, о бастағы ортақтық т.б. себептер ықпалынан болуы мүмкін. Таза ұлттық атауларда қазақ халқында теңеу, нысандарды ұқсату тұрғысынан басымдық алса, хакас тілінде маңызы тұтас халықтық аумақты алмайтын оқиғалар атау тағуда басымдық алған. Қазақ тілінде түске қатысты атаулар *тау* компонентті оронимдерде көптеп кездесе, атап айтқанда түс жиынтығының барлығы: *ақ, ала, қара, көк, сары* түстер қатысқан деуге болады. Ал хакас тілінде *тағ/тоо/тау* компонентті оронимдерде түске қатысты атаулар айтарлықтай кездеспеді.

Қазақ тілінде соматикалық атаулар да баршылық, тіптен, тау компоненті басында да, аяғында да кездескен атаулар бар. Бұл тау бедерін анықтауда маңызды. Бұл пікірді біз Г. Амарзая еңбегінен де байқаймыз, ол адамдар мен жануарлардың ішкі ағза атаулы компоненттен тұратын топонимдердің мағынасын зерттеп, «мұндай атаулар тау бедерін нақтылау мүмкіндігін беретінін» айтқан [5].

Екі тілдегі тек *тау* емес, басқа да компонентті оронимдерді зерттеу болашақта *биіктік кеңістігін* толыққанды анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз. Біз қарастырған компонент негізінде биіктік кеңістігін тура мағынада

айқындайтын оронимдер қатарына *Биіктау*; *Музік тау* (Биік тау), *Пиріг тағ* (Асуы қиын тау) атауларын жатқызуға болады.

Қарастырған оронимдер негізіндегі *биіктік кеңістігінің* бейнесі анықталды.

1-кесте - Тау/тағ/тоо компонентті екі тілдегі ороним негізіндегі биіктік кеңістігі

№	биіктік кеңістігінің бейнесі	ороним
1	Түр-түс таудың бедерінің түсі, өсімдік, қар болуы туралы ақпарат береді.	<i>Ақтау, Алатау, Көктау, Қаратау, Сарытау; Параан тағ</i>
2	Шөгуі таудың тарихынан ақпарат береді, оның көнелігі айқындалады.	<i>Мұқыртау; Одырығ тағ</i>
3	Әлеуметтік тұрмыс-тіршілікке қатысты ақпарат атау арқылы халықтың еңбексүйгіштігін анықтайды	<i>Одың алчаң тағ, Оох көсчен тағ, Қарауылиеттау</i>
4	атау арқылы таудағы тіршілікке қажетті өсімдіктер туралы ақпарат беріледі.	<i>Алматау, Остығ тағ</i>
5	Т.б.	

Кесте негізінде біз қазақ халқының да, хакастардың да әлемді қабылдаудағы ерекшелігін атау арқылы жеткізген. Дегенмен екі тілде әлемнің топонимикалық тілдік бейнесі ұқсас.

Оронимдер аналитикалық және синтетикалық негізде қалыптасқан. Аналитикалық оронимдердің қалыптасуы келесіге негізделеді:

а) қарапайым детерминативті анықтауыш тіркестері: *Имантау, Алматау* т.б.;

ә) анықтауыш – қосымша: *Көкшетау, Сарытау* т.б.

б) тәуелдік тіркес: *Боқайдың Тауы, Опон Тағ.*

в) есімшелі және етістікті тіркестер: *Муң чатхан тағ, Минетей Хыстын чаң тағ* т.б.

Синтетикалық модельдерге есімді және етістікті сөзжасамдар жатады.

Оронимдер үшін есімді сөзжасам моделіне келесі аффикс тән:

- лы/лі/ды/ді/ты/ті – көптік мәнді реликтік аффикс: *Лайлытау* т.б.

Хакас тіліндегі оронимдер тұтас сөйлемдерден де құралған.

Мақала ҚР ҒЖБМ қаржыландырып отырған «BR24993043 Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» атты мақсатты бағдарламалық жоба аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1 *Қазақ әдеби тілінің сөздігі.* (2011). Он бес томдық. Алматы, 3, 744.

- 2 Хавлдахшин, Н. (2017). Монгольские оронимы как объект лингвистического исследования. *Вестник Бурятского государственного университета. Язык. Литература. Культура.* 2, 26-34.
- 3 Mohammed S., Alkawwaz, H. (2021). A Phono-Rhetorical Study of Oronyms in English. *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*, 10: 2,129-139.
- 4 Равдан, Э. (2008). *Монгольская топонимика*. Улан-Батор, 534.
- 5 Амарзаяа, Г. (2009). Семантико-формальное исследование топонимов с компонентом внутренних органов людей и животных: дис. ... канд. филол. наук. Монгольский государственный университет. Уланбатор, 234.